

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства**

**Жасанды жол тегіс еместігінің құрастырмалы-
бұзылмалы конструкцияларын монтаждауға арналған**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**на монтаж сборно - разборной конструкции
искусственной дорожной неровности (ИДН)**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015
ТКСН РК 8.07-06-2015**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

ҚР СНТК 8.07-06-2015. Технологиялық карта
ТКСН РК 8.07-06-2015. Технологическая карта

АЛҒЫ СӨЗ

- | | |
|---|---|
| 1. ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ |
| 2. ҰСЫНҒАН | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері және жер ресурстарын басқару комитеті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (ТКШ) және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2015 жылғы 19 қазандағы №351-НҚ бұйрығымен |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|--|---|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | АО «КазНИИСА» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Комитетом по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) от 19 октября 2015 года № 351-НҚ |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

| | |
|--|----|
| 1 Жалпы ережелер..... | 1 |
| 2 Қолданылу саласы..... | 1 |
| 3 Нормативтік сілтемелер | 2 |
| 4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары | 5 |
| 5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы | 10 |
| 6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік..... | 18 |
| 7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар..... | 21 |
| 8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау | 24 |
| 9 Еңбек шығындарының калькуляциясы..... | 27 |

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ЖАСАНДЫ ЖОЛ ТЕГІС ЕМЕСТІГІНІҢ ҚҰРАСТЫРМАЛЫ- БҰЗЫЛМАЛЫ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Енгізілген күні 2015-10-19

1 Жалпы ережелер

1.1 Жасанды жол тегіс еместігінің құрастырмалы- бұзылмалы конструкцияларын монтаждауға арналған технологиялық картасы Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарында және құрылыс объектілерінде қолдануға арналған қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, олардың технологиялары және оларды механикаландыру жөніндегі ұтымды шешімдермен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада жолдың тік беттеріндегі орташа күрделіліктегі жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау қарастырылады.

1.4 Технологиялық карта мынадай бөлімдерді қамтиды:

- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- қолданылатын негізгі материалдардың сипаттамалары;
- жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картадағы еңбек режимі еңбекті бөлу, жетілдірілген құралдар мен мүкәммалды қолдану ескеріле отырып, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, бригада жұмысшыларының арасында міндеттерді нақты бөлу кезінде еңбек процестерін атқарудың оңтайлы шарттары негізге алынып қабылданды.

2 Қолданылу саласы

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау жөніндегі жұмыстарды атқару кезінде ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНЖҚ 3.06.03-85, ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 басшылыққа алу қажет.

2.2 Осы технологиялық картада жұмыс жүргізудің мынадай шарттарының сақталуымен, жолдың жасанды жиналмалы кедір-бұдырын (ЖЖБ) монтаждауды орындау қарастырылады:

- Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясы жолдың осіне қатаң түрде перпендикуляр орнатылуға тиіс;

- Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) монтаждalған жиналмалы конструкциясының ұзындығы жолдың еніне тең болуға тиіс. Мөлшерін жолдың әрбір жағынан 0,2 м азайтуға рұқсат етіледі;

- жолдың жасанды бұдырлығын автомобиль дөңгелектерінің тысы басқан кезде, α басу бұрышы 15° -тен 45° дейінгіні құрауға тиіс;

- жұмыстар жұмыстарды жүргізу жобасының (ЖЖЖ) талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс;

- жұмыс орындарының жарықтандырылуы МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

2.3 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау жөніндегі жұмыстар мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- жол жабынындағы бұрғылау орындарына белгі салу;

- ЖЖБ секциясын монтаждау;

в) қосымша жұмыстар;

г) ақырғы жұмыстар.

2.4 Жолдың жасанды бұдырлығын (ЖЖБ) монтаждау жөніндегі технологиялық картада ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, ҚР ҚНЖҚ 3.06.03-85 және басқа да қолданыстағы НТҚ, жұмыстар жүргізу жобасының және осы технологиялық картаның 2.2-тармағы сақталған кезде жұмыстарды кез келген уақытта орындау көзделеді.

2.5 Технологиялық картаны байланыстыру кезінде жұмыстардың құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны бақылау, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды түзету қажет.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылдағы жағдай бойынша жасалған, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша НҚА және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ-ны басшылыққа алу қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылмастан күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтеме қозғалмайтын бөлігінде қолданылады.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңы.

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысы.

ҚР ҚНЖҚ 1.03-05-2001 Құрылыста еңбекті және қауіпсіздік техникасын қорғау.

ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 Автомобиль жолдарындағы және көшелердегі жасанды кедір-бұдырлар. Техникалық талаптар және қолдану қағидалары

ҚР СТ 1125-2002 Жол белгілері. Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 1412-2005 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Қолдану қағидалары.

| | |
|-----------------------------|---|
| MEMСТ P 52605-2006 | Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жасанды бұдырлықтар. Жалпы техникалық талаптар. Қолдану қағидалары |
| MEMСТ 12.1.004-91 | ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар. |
| MEMСТ 12.1.013-78 | ЕҚСЖ. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар. |
| MEMСТ 12.4.011-89 | ЕҚСЖ. Жұмысшылардың қорғану құралдары. Жалпы талаптар және жіктеме. |
| MEMСТ 12.4.059-89 | ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандырғыш мүкәммал қоршаулар. Жалпы техникалық шарттар. |
| MEMСТ 11042-90 | Құрылысқа арналған болат балғалар. Техникалық шарттар. |
| MEMСТ 26433.1-89 | Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдерді орындау қағидалары. Зауытта дайындалған элементтер. |
| MEMСТ 28778-90 | Құрылысқа арналған өзі анкерленетін кергіш болттар. Техникалық шарттар |
| MEMСТ 12.1.004-91 | Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар. |
| МСТ MEMСТ 12.1.013-78 | ЕҚСЖ Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар |
| MEMСТ 32830-2014 | Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол белгілеріне арналған материалдар. Техникалық талаптар |
| MEMСТ 31994-2013 | Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Автомобильдер үшін бүйір жақтан қойылатын жол қоршаулары. Жалпы техникалық шарттар |
| MEMСТ 30413-96 | Автомобиль жолдары. Автомобиль дөңгелегінің жол жабынымен ілінісу коэффициентін анықтау әдісі |
| MEMСТ 12.3.002-75 | Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік процестер. Жалпы қауіпсіздік талаптары |
| MEMСТ 12.4.011-89 | Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмысшылардың қорғану құралдары. Жалпы талаптар және жіктеме. |
| MEMСТ 12.4.137-2001 | Мұнайдан, мұнай өнімдерінен, қышқылдардан, сілтілерден, уытты емес және жарылу қаупі бар шаңнан қорғануға арналып жоғары жағы былғарыдан тігілген арнайы аяқ киім. Техникалық шарттар |
| MEMСТ 12.4.013-85 | Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Қорғаныштық көзәйнек. Жалпы техникалық шарттар |
| MEMСТ 12.4.010-75 | Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жеке қорғану құралдары. Арнайы қолғаптар. Техникалық шарттар |
| MEMСТ 12.4.034-2001 | Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Тыныс алу органдарының жеке қорғану құралдары. Жіктеу және маркалау |
| ҚР СТ MEMСТ P 12.4.026-2002 | Дабылдық түстер, қауіпсіздік белгілері және дабылдық белгілер. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі |

ҚР СНТК 8.07-06-2015

| | |
|---------------------|--|
| МЕМСТ 12.1.046-2014 | Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары |
| МЕМСТ 12.1.004-91 | Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар |
| МЕМСТ 7912-74 | Резеңке. Омырлғыштықтың температуралық шегін анықтау әдісі |

4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

4.1 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясы

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясы жолдардағы қозғалыстың жылдамдығын шектеу үшін арналған. Жолдың жасанды бұдырлығын орнату үшін ҚР СТ ҚТЖ 1538, МЕМСТ Р 52605 талаптарына сәйкес келетін төзімділігі жоғары резеңке қолданылады.

Жолдың жүріс бөлігіне орнатылатын жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясы екі шеткі және бірқатар жұмыс элементтерінен тұрады. Жұмыс элементтерінің саны ЖЖБ жолағының ұзындығын (екі шетіндегі ұзындықты шегергенде) ортадағы элементтің ұзындығына бөлумен анықталады.

Бұйым дербес секциялардан тұрады, олар орнатылатын жерде біріктіріліп монтаждалады.

Осы технологиялық картада жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясының үш түрі қабылданған:

1 ЖЖБ - 350

| Атауы | Ұзындығы, мм | Ені, мм | Биіктігі, мм | Массасы, кг | Тесігі, дана |
|----------------|--------------|---------|--------------|-------------|--------------|
| Жұмыс элементі | 500 | 350 | 50 | 8 | 4 |
| Шеткі элемент | 250 | 350 | 50 | 4 | 2 |

2 ЖЖБ - 500

| Атауы | Ұзындығы, мм | Ені, мм | Биіктігі, мм | Массасы, кг | Тесігі, дана |
|----------------|--------------|---------|--------------|-------------|--------------|
| Жұмыс элементі | 500 | 500 | 58 | 14 | 6 |
| Шеткі элемент | 250 | 500 | 58 | 4 | 3 |

3 ЖЖБ - 900

| Атауы | Ұзындығы, мм | Ені, мм | Биіктігі, мм | Массасы, кг | Тесігі, дана |
|----------------|--------------|---------|--------------|-------------|--------------|
| Жұмыс элементі | 500 | 900 | 58 | 24 | 12 |
| Шеткі элемент | 250 | 900 | 58 | 6 | 4 |

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясы элементтерінің сыртқы түрі 1-суретте келтірілген.

ЖЖБ элементтерінің:

- а) геометриялық мөлшердегі ауытқулары болмауға;
- б) автокөліктің шиналарымен талап етілетін үйкелісін қамтамасыз ету үшін бұдырлы бетінің болуы;
- в) жасанды бұдырлық элементтерінің материалдары: -40°C -тан $+60^{\circ}\text{C}$ дейінгі жұмыс температураларының аралығын иеленуге тиіс.



ЖЖБ – 350 жұмыс элементі



ЖЖБ – 350-1 шеткі элемент



ЖЖБ – 500 жұмыс элементі



ЖЖБ – 500-1 шеткі элемент




ЖЖБ – 900 жұмыс элементі



ЖЖБ – 900-1 шеткі элемент

1-сурет – Жолдың жасанды бұдырлығы (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясының элементтері

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясы элементтерінің мөлшерлері 1-кестеге сәйкес қозғалыстың барынша жол берілетін жылдамдығын қажетті шектеуге байланысты таңдалады.



2-сурет – Жолдың жасанды бұдырлығының жиналмалы конструкциясы

а) жұмыс элементі; б) шеткі элемент

1-кесте – Жолдың жасанды бұдырлығы элементтерінің мөлшерлері және көлік құралдары қозғалысының барынша жол берілетін жылдамдығы

| Қозғалысының барынша жол берілетін жылдамдығы, км/с | Жасанды кедір-бұдыр элементі | Кедір-бұдырдың ең жоғары биіктігі, H , м | Ұзындығы, L , м |
|---|------------------------------|--|-------------------|
| 40 | Негізгі | 0,07 | 0,90-1,20 |
| | Шеткі | | |
| 30 | Негізгі | 0,06 | 0,50-0,90 |
| | Шеткі | | |
| 20 | Негізгі | 0,05 | 0,30-0,50 |
| | Шеткі | | |

Жасанды бұдырлық жеткізілімінің жиынтығына анкерлік болттар, тірек төлкелер, шайбалар, сондай-ақ өндірушінің техникалық құжаттамасы кіруге тиіс.

Техникалық құжаттама:

- монтаждау жөніндегі нұсқаулықты;
- штаттық пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және пайдалану кезінде сақталуы қажет қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды (пайдалануға енгізуді, мақсаты бойынша пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, жөндеудің барлық түрлерін, тасымалдауды, орауды, консервацияны және сақтау шарттарын қоса алғанда);
- кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулықты;
- сәйкестік сертификатының көшірмесін қамтуға тиіс.

Жасанды бұдырлықтардың конструкциясын таңдау ҚР СТ ҚТЖ 1538 сәйкес ұзына бойғы және көлденең еністер, жүріс бөлігінің профилі, су бұрғышпен қамтамасыз етілу, батпақты, қар және мұз шөгінділерін механикалық тазартуды жүргізудің қажеттілігі ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Өнімді монтаждау немесе құрастыру кезінде қауіптіліктің көзі болуы мүмкін ықтимал қателіктер оны конструкциялық орындаумен немесе бөлшектердің өзінде көрсетілген ақпараттың көмегімен жоққа шығарылуға тиіс.

Дайындаушының ақпараты өнімнің көрінетін жерінде орналастырылуға және оны дайындаушы маркалау түрінде дайындауға тиіс, ол:

- дайындаушының атын және мекенжайын;
- бұйымның атауын;
- сериясының немесе түрінің белгіленуін, нөмірін;
- дайындалған жылын;
- қауіпсіздігі жөніндегі қосымша ақпаратты (көлемдерін) қамтуға тиіс.

Бұйымдардың секциялары мен құрауыштарын қаттау, тасымалдау және сақтау ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын қоймаға жинау 3-суретте келтірілген.




1 – ЖЖБ элементтері

2 – тұғыр

3-сурет – Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын қоймаға жинау

ЖЖБ-350 жиналмалы конструкциясының жұмыс элементінің жалпы түрі 4-суретте келтірілген.



4-сурет – ЖЖБ-350 жолдың жасанды бұдырлығының жиналмалы конструкциясының жұмыс элементі

Қаттама бұйымдар мен олардың жабындарын механикалық бүлінуден, сондай-ақ бұйымдардың бір-біріне қатысты жылжуынан сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

Бұйым жүктерді тасымалдау көліктің сол түріне қолданылатын қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен тасымалданады.

Бұйымдар жаппаның астында сақталуға тиіс.

4.2 Бекіту бұйымдары

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау үшін анкерлік болт қолданылады.

Барлық бекіту элементтерінің коррозияға қарсы жабыны болуға тиіс.

Бекіту бұйымдарын тасымалдау кеңірдектелген картоннан жасалған жәшіктермен, пластмассадан, металдан жасалған және арнайы контейнерлермен жүзеге асырылады. Әрбір қаттама бір түрде шартты белгіленген бекіту бұйымдарын қамтуға және олармен бірге сапасы туралы құжат болуға тиіс.

4.3 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Міндетті сертификаттауға жататын материалдар мен бұйымдарда Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы

5.1 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жобалық құжаттаманың, ҚР ҚН 1.03-00, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау жөніндегі жұмыстарды бастағанға дейін:

- жұмыстың жүргізілуіне жауапты адамды тағайындау;
- қауіптілігі жоғары жұмыстар жүргізуге дәргей-рұқсат алу;
- қауіпті аймаққа дабылдық қоршаумен және анық көрінетін ескерту (тыйым салу) белгілерімен белгілеу;

- жұмысшыларға қауіпсіздік техникасы жөніндегі журналға қол қойғыза отырып, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау нұсқамасын өткізу, жұмысшыларды жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын орнату жөніндегі жобалық шешімдермен, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картамен таныстыру;

- жолдың бетін тазарту;
- ЖЖЖ-ға сәйкес аспаптарды қосуға арналған приборларды орнату;
- материалдар мен бұйымдарды қоймаға жинауға және сақтауға арналған аймақ бөлу;
- қажетті бұйымдар мен материалдарды, тетіктерді, аспаптарды және мүкәммалды объектіге жеткізу;

- бұйымдар мен материалдардың сапасына кіріспе бақылауды жүзеге асыру;
- жұмысшылардың буындарын жұмыс істеу үшін қажетті жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

- жұмыс орындарының, қосымша процестердің ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;

- жұмысшылардың қауіпсіз кіруін қамтамасыз ету қажет.

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау жөніндегі жұмыстарды бастардың алдында жұмыс жүргізуші жабдықтардың, аспаптардың және қорғану құралдарының жарамдылығын тексеруге, жұмысшыларды жұмыс жүргізудің шарттарымен, қабылданған қауіпсіздік шараларымен, ЖЖЖ-ға сәйкес жұмыс учаскесінің шекарасымен таныстыруға тиіс, жұмыс процесінде буындардың жұмысына бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

ЖЖБ элементтері мен құрауыш бұйымдарын түсіру, материалдарды жұмыс орнына беру қолмен жүзеге асырылады.

Материалдар ЖЖЖ-да көзделген орындарға осы учаскеде жұмыс істеу үшін жеткілікті мөлшерде орналастырылады.

Жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитарлық гигиенаның және қауіпсіздік техникасының қағидалары сақтала отырып, өндірістік процестің талаптарына және жұмыстарды атқарудың шарттарына сәйкес дайындалуға тиіс.

Жабдықтарды, мүкәммалды жұмыс орнына орналастыру қысылысты жұмыс жағдайлары, жүруге және аспаптар мен жарақтарды іздеуге уақыттың артық шығындары туындамайтындай есеппен жоспарланады.

Жұмыс орнындағы құралдар мен айлабұйымдардың саны ауысым бойында оларды алуға және ауыстыруға барынша аз шығындармен кідіріссіз жұмысты қамтамасыз ететіндей ең аз қажетті мөлшерде болуға тиіс.

Аспаптар мен айлабұйымдар жұмыс орнында пайдалану үшін қолайлы, белгілі бір тәртіпшен орналастырылуға тиіс.


5.1.3 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау жөніндегі жұмыстарды мынадай құрамдағы буын атқарады:

- 5 разрядты жол жұмысшы (Р1) – 1 адам;

- 4 разрядты жол жұмысшы (P2) – 1 адам.

Ілеспе жұмыстарды (строптау, жабдықтарды жұмыс орындарына алып беру) орындау кезінде 5 және 4 разрядты жол жұмысшыларында 2 разрядтан төмен емес біліктілігі бар такелажшылардың куәлігі болуға тиіс.

5.1.4 Жолдың жасанды бұдырлығын (ЖЖБ) монтаждау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 5-суретте келтірілген.



- 1 – ЖЖБ жұмыс элементтері
- 2 – ЖЖБ шеткі элементі
- 3 – генератор
- 3 – аспаптар және бекіткіштер салынған жәшік
- P1 және P2 – жұмыс орындары

5-сурет - Жолдың жасанды бұдырлығын (ЖЖБ) монтаждау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыс жүргізу технологиясы

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау жөніндегі жұмыстар мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- жол жабынындағы бұрғылау орындарын белгілеу;

- Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау.

в) қосымша жұмыстар;

г) ақырғы жұмыстар.

Жасанды бұдырлықтар орнатылатын жол учаскелері ҚР СТ 1124, ҚР СТ 1125 және ҚР СТ 1412 талаптарына сәйкес жол белгілерімен және жол таңбаларымен жабдықталуға тиіс.

Жолдардағы, көшелердегі және өтпелердегі жолдың жасанды бұдырлығының алдына 3.24 «Ең жоғары жылдамдықты шектеу» жол белгісін қолдану қажет, оның шамасы осы бұдырлық арқылы жүріп өтудің барынша жол берілетін жылдамдығына тең қабылданады.

Алғашқы жасанды бұдырлықтың тікелей алдында, жақындап қалған көлік құралына қатысты 1.16 «Тегіс емес жол» ақпараттық-нұсқағыш белгісі қойылады, ал жүргізушілерді жасанды бұдырлықтың болуы туралы алдын ала ескерту 1.16 «Тегіс емес жол» ескерту жол белгісін қоюмен қамтамасыз етіледі.

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Жұмыстарды бастардың алдында жұмысшылар тапсырма, аспаптар және материалдар алады, жұмыс учаскесінің шекараларымен танысады, қауіпсіздік техникасы журналына қол қоя отырып, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыс орнында нұсқамадан өтеді.

Жабдықтарды, материалды және мүкәмалды тиеу-түсіру жұмыстары қолмен атқарылады.

Жасанды жол бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау үшін жол жабынын дайындау оны щеткамен шаңнан және кірден тазартудан тұрады.

Таңбалар салу орындарын байланыстыру және бөлу жүргізіледі, конструкцияның орналасуын алдын ала таңбалау үшін бормен бақылаулық белгілер салынады.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

5.2.2.1 Жол жабынын бұрғылау орындарын белгілеу

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждауға дейін секцияларды бір-біріне тығыз біріктіріп орналастырады, жол жабынындағы бұрғылау орындарына белгі салу жүргізіледі.

ЖЖБ-ны толық немесе ішінара айналып өтуді болдырмау үшін, жол бөлігін толық жабу үшін қажетті секциялар пайдаланылады. Олай болмағанда, бұл жекелеген секцияларға жүктеменің күрт ұлғаюына және тиісінше олардың істен шығуына әкеп соқтыруы мүмкін. Судың ағып кетуін қамтамасыз ету үшін, жол жабынының қисығы радиусының ҚР СТ ҚТЖ 1538 сәйкес болуы шартымен, әрбір жағынан 0,2 м жеткілікті.

ЖЖБ жылжытып қойып, 10x120 мм анкерлік болттар үшін тесіктер бұрғыланады.

5.2.2.2 Жасанды жол бұдырлығы (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясының секцияларын монтаждау

Пнкерлерге арналған тесіктер бұрғыланғаннан кейін, жасанды жол бұдырлығы (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясының секциялары орындарына орнатылады және болттарды қатайту жүргізіледі.

Барлық тесіктерді пайдалану міндетті.

Мұның алдындағы жасанды жол бұдырлығы орналасқан жабындағы анкерлік болттарға арналған тесіктерді қайтадан пайдалануға жол берілмейді.

Жасанды бұдырлықты орнату кезінде оның барлық элементтерінің бір-біріне және автомобиль жолының жабынына тығыз жатқызылуын қамтамасыз ету қажет, бұл ретте МЕМСТ Р 52605 сәйкес жасанды бұдырлықтың қандай да бір элементінің бүкіл конструкциядан жоғары шығып тұруына жол берілмейді.

Жасанды бұдырлықтардың конструкциясын таңдау ҚР СТ ҚТЖ 1538 сәйкес ұзына бойғы және көлденең еңістер, жүріс бөлігінің профилі, су бұрғышпен қамтамасыз етілу, батпақты, қар және мұз шөгінділерін механикалық тазартуды жүргізудің қажеттілігі ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Бекіткішті таңдауды жол төсемінің сапасына байланысты монтаждау ұйымы жүргізеді. Монтаждау кезінде асфальт төсемінің жеткілікті қалыңдығына және оның сапалық сипаттамаларының сәйкестігіне көз жеткізу қажет.

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждауды ол барлық қажетті лицензиялары мен рұқсаттары бар мамандандырылған ұйым жүргізуге тиіс.

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау б-суретте келтірілген.



6-сурет - Жасанды жол бұдырлығының ЖЖБ жиналмалы конструкциясын монтаждау

5.2.3 Қосымша жұмыстар

Жұмысшы материалдарды жұмыс жүргізу орнына әкеледі. Бұрғылау процесінде жұмысшы Р2 жол жабынын қоқыстан тазартады.

5.2.4 Ақырғы жұмыстар

Жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын қоқыстан тазартады, аспаптарды, айлабұйымдарды және қалған материалдарды жылжымалы қоймаға тапсырады.

7-Суретте келтірілген жол жабынындағы жасанды жол бұдырлығының ЖЖБ жалпы түрі



7-сурет - Жол жабынындағы жасанды жол бұдырлығының ЖЖБ жалпы түрі

5.3 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждауға арналған операциялық карта 2-кестеде келтірілген.

2-кесте - Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждауға арналған операциялық карта

| Операцияның атауы | Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарак, аспап, мүкәммал, айлабұйымдар), машиналар, тетіктер, жабдықтар | Орындаушы | Операцияның сипаттамасы |
|---|---|--|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Дайындық жұмыстары | | | |
| Нұсқама, құжаттамамен танысу | - | ЖЖБ монтаждау жөніндегі 4 разрядты жұмысшы (P1), ЖЖБ монтаждау жөніндегі 3 разрядты жұмысшы (P2) | Жұмысшылар техникалық персоналдан тапсырма алады, қауіпсіздік техникасы журналына қол қоя отырып, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыс орнында нұсқамадан өтеді, аспаптар, мүкәммал, материалдар алады, ЖЖЖ және технологиялық картаға сәйкес жұмысты орындау учаскесімен танысады және жұмысқа кіріседі. |
| Негізгі жұмыстар | | | |
| ЖЖБ секцияларының орналасуын таңбалау | Металл рулетка, бор, полиамид бау | P1, P2 | P1, P2 монтаждау орнын өлшейді, полиамид бауды тартып ЖЖБ секциялары орналасатын орынды белгілейді, полиамид шнурды алады. |
| ЖЖБ жұмыс элементтерін алдын ала орнату | ЖЖБ жұмыс элементі | P1, P2 | P1, P2 бекітілетін орындарды бормен белгілеу үшін ЖЖБ жұмыс элементтерін алдын ала орнатуды жүргізеді |

2-кестенің жалғасы

| Операцияның атауы | Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, аспап, мүкәммал, айлабұйымдар), машиналар, тетіктер, жабдықтар | Орындаушы | Операцияның сипаттамасы |
|---|---|-----------|---|
| ЖЖБ шеткі элементтерін алдын ала орнату | ЖЖБ шеткі элементі | P1 | P1 бекіту орындарын бормен белгілеу үшін ЖЖБ шеткі элементтерін алдын ала орнатуды жүргізеді |
| Бекітілетін орындарды таңбалау | Металл рулетка, бор | P1, P2 | P1 және P2 сызыққа орналасқан ЖЖБ секцияларына бормен бұрғылау орындарын белгілейді. |
| ЖЖБ элементтерін алу | - | P1, P2 | P1, P2 ЖЖБ-ның жайып қойылған секцияларын алып тастайды |
| Перфоратормен бұрғылау және балғамен анкерлерді тесіктерге қағу | Электр бұрғысы, балға, дюбель, щетка | P1, P2 | P1 анкерлік болттар үшін тесік бұрғылайды, P2 балғамен дюбельдерді тесікке қағады, P2 бұрғыланған орындарды қоқыстан тазартады |
| ЖЖБ секцияларын монтаждау | Сомын кілті, болттар | P1, P2 | P2 ЖЖБ секцияларын монтаждау орнына әкеледі. P1 ЖЖБ секцияларын орнына орнатады, барлық бекіту тесіктерін пайдаланып, болттарды бұрауды және катаятуды жүргізеді. |
| Қосымша жұмыстар | | | |
| Тиеу-түсіру жұмыстары, жабдықтарды дайындау | | P1, P2, | Жұмысшылар жабдықтарды, материалдар мен мүкәммалды түсіруді, тиеуді жүргізеді. Аспаптарды жұмысқа дайындайды. |

2-кестенің соңы

| | | | |
|---|---------------|---------|--|
| Уақытша жол белгілерін қою | Жол белгілері | P1, P2, | Жұмысшылар уақытша жол белгілерін қоюды, жұмыс учаскесін қоршауды, қоршаулар мен жол белгілерін көшіруді, алуды жүргізеді. |
| ЖЖБ монтаждау аймағындағы жабынды тазарту | щетка | P2 | P2 ЖЖБ секцияларын монтаждау аймағындағы жол төсемін тазартады |
| Ақырғы жұмыстар | | | |
| Ақырғы жұмыстар | | P1, P2 | Ауысымның аяғында жұмысшылар жұмыс орнын қоқыстан тазартады, аспаптарды тапсырады. |

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждауға арналған материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі 3,4,5-кестеде келтірілген.

3-кесте - Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждауға арналған материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі (ЖЖБ 350)

Жұмыстар көлемі – 7 қ.м.

| Р/с № | Материалдың, бұйымның атауы | НТҚ атауы және арналуы | Өлшем бірлігі | Саны |
|-------|-------------------------------------|------------------------|---------------|--------------|
| 1 | ЖЖБ бекітуге арналған анкерлік болт | МЕМСТ 28778-90 | дана | 56 |
| 2 | 350×500 мм ЖЖБ жұмыс элементі | ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 | дана | 13 |
| 3 | 350×250 мм ЖЖБ шеткі элементі | ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 | дана | 2 |
| 4 | Бетон бұрғысы | НТҚ бойынша | дана | Жоба бойынша |

4-кесте - Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждауға арналған материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі (ЖЖБ 500)

Жұмыстар көлемі – 7 қ.м.

| Р/с № | Материалдың, бұйымның атауы | НТҚ атауы және арналуы | Өлшем бірлігі | Саны |
|-------|-------------------------------------|------------------------|---------------|--------------|
| 1 | ЖЖБ бекітуге арналған анкерлік болт | МЕМСТ 28778-90 | дана | 84 |
| 2 | 500×500 мм ЖЖБ жұмыс элементі | ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 | дана | 13 |
| 3 | 500×250 мм ЖЖБ шеткі элементі | ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 | дана | 2 |
| 4 | Бетон бұрғысы | НТҚ бойынша | дана | Жоба бойынша |

5-кесте - Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждауға арналған материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі (ЖЖБ 900)

Жұмыстар көлемі – 7 қ.м.

| Р/с № | Материалдың, бұйымның атауы | НТҚ атауы және арналуы | Өлшем бірлігі | Саны |
|-------|-------------------------------------|------------------------|---------------|--------------|
| 1 | ЖЖБ бекітуге арналған анкерлік болт | МЕМСТ 28778-90 | дана | 164 |
| 2 | 900×500 мм ЖЖБ жұмыс элементі | ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 | дана | 13 |
| 3 | 500×250 мм ЖЖБ шеткі элементі | ҚР СТ ҚТЖ 1538-2007 | дана | 2 |
| 4 | Бетон бұрғысы | НТҚ бойынша | дана | Жоба бойынша |

6.2 Тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, аспаптардың, мүкәммалдың және айлабұйымдардың тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте- Тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтың, аспаптардың, мүкәммалдың тізбесі

бір бригадаға

| Р/с № | Атауы | Түрі, маркасы, дайындаған зауыт | Арналуы | Негізгі техникалық сипаттамалары | Бір буынға (бригадаға) саны |
|-------|----------------------------------|---------------------------------|---|-----------------------------------|-----------------------------|
| 1 | Перфоратор | - | Анкерлік болттар үшін тесіктер бұрғылау | Массасы- 2,4 кг Қуаты 1 кВт | 1 |
| 2 | Сомын кілті | - | Анкерлік болттарды бұрау | - | 1 |
| 3 | Жол белгілері (ҚР СТ 1125-2002) | - | Ескерту құралы | - | 2 |
| 4 | Қоршау (МЕМСТ 12.4.059) | - | Қорғану құралы | - | 1 |
| 5 | Құрылыс каскасы (МЕМСТ 12 4.087) | - | Жеке қорғану құралы | Салмағы – 400 г дейін | 2 |
| 6 | Арнайы қолғаптар | - | Жеке қорғану құралы | - | 2 жұп |
| 7 | Арнайы аяқ киім | - | Қорғану құралы | - | 2 жұп |

6-кестенің соңы

бір бригадаға

| Р/с № | Атауы | Түрі, маркасы, дайындаған зауыт | Арналуы | Негізгі техникалық сипаттамалары | Бір буынға (бригадаға) саны |
|-------|-----------------------------------|---------------------------------|---------------------------------|----------------------------------|-----------------------------|
| 8 | Комбинезондар | - | Жеке қорғану құралы | - | 2 |
| 9 | Қорғаныштық көзәйнек | - | Жеке қорғану құралы | - | 2 |
| 10 | Жарық шағылыстыратын жилеттер | - | Жеке қорғану құралы | - | 2 |
| 11 | Металдан жасалған өлшеу рулеткасы | - | Өлшеу жұмыстары | $L = 10000$ мм, бөлу бағасы 1 мм | 1 |
| 12 | Щетка (МЕМСТ 10597) | - | Бетті тазарту | - | 1 |
| 13 | Балға (МЕМСТ 11042) | - | Анкерлік болттар қағу | - | 1 |
| 14 | Генератор | - | Электр аспаптарының жұмысы үшін | 2,5кВт 220В | 1 |
| 15 | Полиамид бау | - | Бағыттағыш сызықтар салу үшін | $L - 7$ м | 1 |
| 16 | Бор | - | Таңба салу | - | 2 |
| 17 | Медицина кеуде | - | Қорғану құралы | - | 1 |

7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау кезіндегі жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар технологиялық процестерді бақылау картасында келтірілген (7-кесте)

7-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

| Бақылау объектісі (технологиялық процесс) | Бақыланатын параметр | | | Бақылау орны (сынамалар іріктеу) | Бақылау кезеңділігі | Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы | Бақылау әдісі, ТНҚА арналуы | Өлшеу, сынау құралдары | | Бақылау нәтижелерін ресімдеу |
|--|---|-----------------|----------------|-------------------------------------|---------------------|--|-----------------------------|--|--|------------------------------|
| | Атауы | Номиналдық мәні | Шекті ауытқу | | | | | Түрі, маркасы, ТНҚА арналуы | Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы | |
| Кіріспе бақылау | | | | | | | | | | |
| Жұмыс жүргізу учаскесін қарап шығу | Асфальт жолдың бетінде ақаулардың болуы | Жоба бойынша | Жол берілмейді | Объект жанындағы қойма | Тұтас | Шебер (прораб) | Визуалды | Жоба бойынша | | Кіріспелік бақылау журналы |
| Жүйе элементтерінің жобасына сәйкестік | Секции ЖЖБ секциялары | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бүкіл топтама | Бұл да | Бұл да | Сапа туралы құжат (берушінің паспорты) | | Бұл да |
| | Жарық шағылыстырғыш үлдір | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | | Бұл да |
| | Анкерлік болттар | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | | Бұл да |
| | Бетон бұрғысы | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | | Бұл да |

7-кестенің жалғасы

| Бақылау объектісі (технологиялық процесс) | Бақыланатын параметр | | | Бақылау орны (сынамалар іріктеу) | Бақылау кезеңділігі | Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы | Бақылау әдісі, ТНҚА арналуы | Өлшеу, сынау құралдары | | Бақылау нәтижелерін ресімдеу |
|--|--|-----------------------------------|----------------|-------------------------------------|---------------------|--|-----------------------------|-----------------------------|--|--|
| | Атауы | Номиналдық мәні | Шекті ауытқу | | | | | Түрі, маркасы, ТНҚА арналуы | Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы | |
| Операциялық бақылау | | | | | | | | | | |
| Конструкцияларды монтаждау | Жол жабынын таңбалау: көлденеңінен, тігінен, тесіктердің тереңдігі | Жоба бойынша | Жол берілмейді | Жұмыстарды жүргізу учаскесі | Тұтас | Шебер (прораб) | Визуалдық-өлшеу | Жоба бойынша | | Жұмыстардың жалпы журналы, ашылған жұмыстар актісі |
| | Тесіктер бұрғылау | дюбел ұзындығынан +20-30 мм астам | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | | Жұмыстардың жалпы журналы |
| | Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау | Жоба бойынша | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | | Бұл да |

7-кестенің соңы

| Бақылау объектісі (технологиялық процесс) | Бақыланатын параметр | | | Бақылау орны (сынамалар іріктеу) | Бақылау кезеңділігі | Бақылауды немесе сынамалар жүргізуді орындаушы | Бақылау әдісі, ТНҚА арналуы | Өлшеу, сынау құралдары | | Бақылау нәтижелері н ресімдеу |
|--|---|-----------------|----------------|-------------------------------------|---------------------|--|-----------------------------|-----------------------------|--|-------------------------------|
| | Атауы | Номиналдық мәні | Шекті ауытқу | | | | | Түрі, маркасы, ТНҚА арналуы | Өлшемдер диапазоны, қателігі, дәлдік класы | |
| Қабылдаулық бақылау | | | | | | | | | | |
| Орындалған жұмыстарды қабылдау | Сыртқы түрін тексеру | Жоба бойынша | Жол берілмейді | Жұмыстарды жүргізу учаскесі | Тұтас | Шебер (прораб) | Визуалдық-өлшеу | Жоба бойынша | | Жоба бойынша |
| | Конструкция жазықтығының көлденеңнен және тігінен ауытқуы | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Бұл да | Жоба бойынша | |

8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

8.1 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау кезінде ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, МЕМСТ 12.1.013 және осы технологиялық картаның талаптарын орындау қажет.

Жұмыстарды атқару жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес, техникалық шешімдерді және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмысшыларға санитарлық-гигиеналық қызмет көрсету жөніндегі негізгі ұйымдық іс-шараларды қамтитын жұмыстарды жүргізу жобасы бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

8.2 Жұмыстарды орындауға жол жұмыстарын қоршаудың бекітілген схемасын жол инспекциясы органдарымен келіскеннен және жұмыс орнын барлық қажетті уақытша жол белгілерімен және қоршаулармен толық жайластырғаннан кейін кірісуге рұқсат етіледі.

8.3 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкциясын монтаждау жөніндегі жұмыстарға, сондай-ақ жабдықтар мен тетіктерге 18 жасқа толған, тиісті біліктілігі бар, қауіпсіздік техникасы журналына қол қоя отырып, еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқудан және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыс орнында нұсқамадан өткен адамдарға рұқсат етіледі.

8.4 Жол қоршаулары (жылжымалы кедергілер), жол белгілері, дабылдық шамдар қолданыстағы стандарттарға сәйкес келуге және жарамды жағдайда ұсталуға тиіс.

8.5 Көлік құралдарының қалыптасқан қозғалысын айналма жолға бағыттау қажет, бұл ретте қозғалыстың әрбір жағына тиісті белгілер орнату қажет.

8.6 Жұмыстарды бастардың алдында жұмыс жүргізетін ұйымның бұйрығымен мамандардың арасынан жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуі үшін жауапты адам (жұмыстардың басшысы) тағайындалады.

8.7 Жолдың жасанды бұдырлығының (ЖЖБ) жиналмалы конструкцияларын жүргізу, тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде жеке қорғану құралдары қолданылуға тиіс:

- МЕМСТ 12.4.111 бойынша арнайы киім;
- МЕМСТ 12.4.137 бойынша арнайы аяқ киім;
- МЕМСТ 12.4.013 бойынша қорғаныштық көзәйнек;
- МЕМСТ 12.4.010 бойынша қолғаптар.

Ескертпе: Көрсетілгендерге ұқсайтын басқа да жеке қорғану құралдарын қолдануға жол беріледі.

8.8 Жұмыс істеу кезінде жұмыс орындары ҚР СТ МЕМСТ Р 12.4.026 сәйкес дабылдық түстермен және қауіпсіздік белгілерімен жабдықталуға тиіс.

